Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының кезектен тыс мәжілісінің
№2 ХАТТАМАСЫ

Индербор кенті 27 ақпан 2022 жыл

Төрағалық еткен: Индер ауданының әкімі С.Өтеғұлов

Хатшылықта: Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы П.Сақыпкереев

Қатысушылар: комиссия мүшелері және қосымша шақырылғандар (тізім бойынша)

1. Индер ауданында жауған жаңбыр және еріген қар суларының салдарынан көшелерде жиналған суларды яғни тұрғын үйлерді су басу қауіпінің алдын-алу мәселесі

---

1. Индербор кенті, ауылдық округтер әкімдері, «Атырау –Жарық» АҚ-ның Индер аудандық ЭЖБ-не, «ИСИГипсИндер» ЖШС, «ИндерСу» КМК, «Интергаз-Орталық Азия» АҚ-ның Индер желілік-өндірістік басқармасына:

- Аудан көлеміндегі жауған жаңбыр және еріген қар суларының салдарынан орын алып жатқан жағдайларға теңгерімдегі техникаларды жұмылдырылсын.

мерзімі: 2022 жылдың 27 ақпанға дейін.

- қажеттілігіне байланысты қосымша мотопомпаларға сұраныс берілсін, тез арада сатып алынсын.

мерзімі: 2022 жылдың 27 ақпанға дейін.

2. Индербор кенті, ауылдық округтер әкімдеріне:

- тұрғын үйлерді су басу қауіпінің алдын алу және оған дайындық іс-шараларын ұйымдастыруға, сондай-ақ төтенше жағдай кезінде еріктілер қызметін ұйымдастырсын.

мерзімі: жағдайға байланысты.

3. Аудандық Полиция бөліміне:

- Аудан көлеміндегі жауған жаңбыр және еріген қар суларын сору жұмыстары кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында патрульдік қызметтің жолдарды жабуды ұйымдастырсын.

мерзімі: жағдай тұрақты болғанға дейін.

4. Аудандық төтенше жағдайлар бөліміне, аудан әкімі аппаратына:

- Аудандық комиссия мүшелеріне төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бағытында комиссияның жұмыс тәртібі мен әрекет ету шаралары жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізсін.

мерзімі: тоқсан сайын

Комиссия төрағасы: **С.Өтеғұлов**

Комиссия хатшысы: **П.Сақыпкереев**